

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ
Ақтөбе облысының филиалы**

**АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА
Ақтөбе облысындағы инвестициялық дамуды талдау**

**Орындаған: Мунлыков Алмас Талгатович
Хромтау ауданы әкімі аппаратының басшысы**

Ақтөбе, 12.11.2024

Тақырыбы: Ақтөбе облысындағы инвестициялық дамуды талдау

Түйінді сөздер: Негізгі капиталға инвестициялар, өнеркәсіп, инвестициялық ахуал, өңдеу өнеркәсібі, шетелдік тәжірибе.

Кіріспе

Ақтөбе облысы бүкіл Қазақстан үшін орасан зор экономикалық және стратегиялық маңызға ие. Мұнда маңызды минералды-шикізат ресурстары шоғырланған, бизнес пен инвесторларды дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалған, оның ішінде инфрақұрылымдық мүмкіндіктер мен арнайы салықтық преференциялар. Өңір дамыған өнеркәсіптің, электр энергиясымен, газбен және сумен қамтамасыз етілуінің, сондай - ақ, ең бастысы, білікті кадрлармен қамтамасыз етілуінің арқасында айтарлықтай инвестициялық әлеуетке ие.

Осы талдаудың мақсаты облыстағы инвестициялық ахуалдың ағымдағы жай-күйін қарастыру, оның дамуына кедергі келтіретін негізгі проблемаларды анықтау, сондай-ақ өңірге шетелдік және отандық инвесторларды тартуға бағытталған ықтимал шешімдерді ұсыну болып табылады. Зерттеуде Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері, халықаралық ұйымдардың есептері, сондай-ақ шетелдік тәжірибеден алынған табысты тәжірибелердің мысалдары пайдаланылады.

Зерттеу әдістемесі мыналарды қамтиды:

1. Облыстағы инвестициялық ахуалдың ағымдағы жай-күйін сипаттайтын статистикалық деректер мен есептерді талдау.
2. Инвестицияларды тарту саласындағы халықаралық тәжірибе мен табысты тәжірибелерді салыстырмалы талдау.

Негізгі бөлігі

Ақтөбе облысындағы инвестициялық дамудың ағымдағы жағдайы мен проблемалары

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2023 жылдың қорытындысы бойынша облысқа жалпы **1 025,7 млрд. теңгені** инвестициялар тартылды бұл 2022 жылмен салыстырғанда өсім **2,4% құрады**.

Қаржыландыру көздері бойынша 845 млрд.теңге бұл жеке қаражаттар, 120,0 млрд.теңге бюджеттік қаражаттар, қалған 60 млрд.теңге банк несиелері және басқа да қарыздар.

Алайда 2022 жылмен салыстыратын болсақ жеке қаражаттар небәрі 1,9% өскен (2022 жыл – 829 млрд.теңге), ал бюджеттік қаражаттар (2022 жыл – 77 млрд.теңге) (соның ішінде республикалық және жергілікті) 56% өскен көруге болады.

Диаграммада көрсетілгендей 2015 жылмен салыстырғанда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі бүгінгі күні 3 есе өскен. Инвестициялардың өсудің негізі себептері өнеркәсіп, жылжымайтын мүлікпен операциялар, көлік және қоймалау, энергетика салаларына тартылатын инвестициялардың өсуі және бюджеттен бөлінетін қаражаттың ұлғаюы болып табылады.



Аудандар бөлінісінде инвестициялар көлемінің өсуі Мұғалжар, Темір, Шалқар аудандарынан басқа барлық аудандарда өсім байқалған.

		2022 жылға пайызбен
--	--	----------------------------

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар	
Ақтөбе облысы	1 025 761 687	102,4
Ақтөбе қаласы	360 346 949	117,3
Алға	29 593 040	150,4
Әйтеке би	19 495 260	123,3
Байғанин	110 709 192	124,0
Қарғалы	41 794 631	104,9
Қобда	9 718 771	126,0
Мәртөк	27 970 109	118,3
Мұғалжар	110 473 963	71,2
Ойыл	6 838 964	153,1
Темір	55 057 085	50,9
Хромтау	196 826 419	141,8
Шалқар	45 765 828	53,3
Ырғыз	11 171 476	180,6

Бүгінгі күні өңдеу өнеркәсібі секторы шетел мемлекеттері экономикасының өсуінің драйверіне айналды.

Баршаға мәлім өңдеу өнеркәсібі-шикізатты және шикізаттан алынған жартылай фабрикаттарды өңдеумен немесе өңдеумен айналысатын өнеркәсіп салалары.

Өңдеу өнеркәсібінің негізгі кәсіпорындары зауыттар мен фабрикалар болып табылады. Өңдеу өнеркәсібінің маңызды салалары: машина жасау, металл өңдеу, қара және түсті металлургия, мұнай өңдеу, химия, орман-химия және ағаш өңдеу өнеркәсібі, минералды шикізат пен орманнан түрлі құрылыс материалдарын өндіру, қағаз, тоқыма, тігін, аяқ киім, тамақ және т.б.

Төмендегі кестеде көрсетілгендей 2023 жылы облыс бойынша өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар көлемінің өсуіне қарамастан, кейбір аудандарда бұл салаға бірде-бір инвестициялар салынбаған.

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар	2022 жылға пайызбен
Ақтөбе облысы	63 423 546	95,5
Ақтөбе қаласы	50 357 764	78,6
Алға	300	-
Әйтеке би	-	-
Байғанин	12345441	896,4
Қарғалы	-	-
Қобда	-	-

Мәртөк	-	-
Мұғалжар	136 475	31,1
Ойыл	-	-
Темір	-	-
Хромтау	567 750	69,2
Шалқар	15816	11,3
Ырғыз	-	-

Сонымен қатар, 2023 жылы **800-ден астам жұмыс орнын** құрумен жалпы сомасы **56,9 млрд. теңгеге 18** инвестициялық жоба іске асырылды, оның ішінде ірі:

- ERG компаниясының 1973 жылдан бастап Дон тау-кен байыту комбинатында жиналған **шламдарды қайта өңдеу** бойынша байыту фабрикасы (құны 37,4 млрд. теңге, 270 жұмыс орны);

- Ішкі нарықты қажетті мұнай жабдықтарымен қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстандық мұнай жабдығы зауыты» ЖШС **мобильді бұрғылау қондырғыларын өндіру** (құны 4,9 млрд. теңге, 100 жұмыс орны) және «Мұнайхим ЛТД» ЖШС **мұнай-химия реагенттерін өндіру** зауыттары (құны 726 млн. теңге, 30 жұмыс орны);

- Облыстың тамақ өңдеу саласындағы ірі кәсіпорыны «АЙС+» ЖШС **сүт өндіру** цехын іске қосты (құны 2,8 млрд. теңге, 20 жұмыс орны).

Негізгі мәселелер мен тәуекелдер

Бүгінгі инвесторларды тарту бойынша бірқатар мәселелі сұрақтар бар және оларды шешу бойынша тиісті шараларды қабылдауды қажет етеді:

1. Газ тапшылығы

Ақтөбе қаласын, іргелес елді мекендер мен өнеркәсіптік объектілерді газбен жабдықтау "Бұхара – Орал" магистральдық газ құбырының екі желісі бойынша жүзеге асырылады. Қолданыстағы желілердің нақты жүктемесі 175% құрайды, бұл сағатына 186 мың текше метр газ тапшылығына әкеледі.

Жыл сайын облыс бойынша жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруға, тұрғын үй және өнеркәсіп кәсіпорындарын салуға, Ақтөбе және жақын маңдағы елді мекендер тұрғындарының газ тұтыну көлемінің ұлғаюына байланысты газ тасымалдауға сұраныс артып келеді.

Алдын ала есептеулер бойынша, іске асырылып жатқан 22 инвестициялық жобаның газға қажеттілігі жыл сайын 1,3 млн текше метрді құрайды.

Бүгінгі таңда бұл мәселені шешу мақсатында құны 43 млрд.теңге болатын "Бұхара-Орал" МГ-нан Ақтөбе қаласына бұрылатын газ

құбырының үшінші желісін құрылысы жүруде. 2024 жылдың аяғына дейін бұл нысанды пайдадануға беру жоспарлануда.

Жобаны іске асыру нәтижесінде газ құбырының өткізу қабілеті сағатына 526,5 мың текше метрді құрайды, бұл сағатына 186 мың текше метр газ тапшылығын жабуға мүмкіндік береді.

2. Бос жатқан шикізат кен орындарының әлсіз игеру

Қазіргі уақытта өңірде қатты пайдалы қазбалардың 77 бос кен орны бар. Соның ішінде титан, никель, цемент, әйнек, мрамор, керамикалық тақтайшалар және басқа да қажетті тауарларды өндіруге шикізаттар бар. Тиісті меморганға аталмыш кен орындардың аумағына шикізатты терең өңдеу бойынша өндірістерді ашу үшін инвестициялар тарту мәселесін пысықтауы қажет.

3. Тауашалы жобаларға немесе импортты алмастыратын тауарларді өндіретін жобаларға инвесторларды тарту бойынша жұмыстардың баяу жүруі

2023 жылдың қорытындысы бойынша импортталған тауарлардың көлем 706,2 млн.долларды құраған. Соның ішінде 406,2 млн.долларға машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар және 121 млн.долларға жануарлар мен өсімдіктерден алынатын өнімдер, дайын азық-түлік тауарлары импортталған.

Жыл сайын импортталатын тауарлардың көлемі ұлғаюда, егер 2022 жылы импортталған тауарлардың көлемі 537 млн.долларды құраса, 2023 бұл көрсеткіш 1,3 есеге (706,2 млн.доллар) өскен.

Даму мүмкіндіктері мен болашағы

Алдағы 4 жылда **4,1** трлн. теңгеге **51** ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарда бар, оның ішінде:

- Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін

ERG компаниясының **жел электр станциясы** (*отандық инвестор, құны 110 млрд. теңге, 45 жұмыс орны, қуаты 155 МВт дейін*);

- Қой жүнінен **жылуды сақтайтын құрылыс материалдарын** шығаратын бірегей зауыт (*инвестор Италия, «КазФилТэк» ЖШС, 5,3 млрд.теңге, жылына 2,1 мың тонна*);

- Облыстың **цемент** материалына деген қажеттілігін толығымен жабатын «QazCement Industries» зауыты (*инвестор Қытай, құны 65,8 млрд. теңге, 350 жұмыс орны, жылына 1 млн. тонна*);

- Электроника өндірісінің негізін құрайтын **никель-кобальт кендерін** өңдеу зауыттары (*«QazProm nikel» инвестор Қытай, құны 450 млрд. теңге, 500 жұмыс орны, жылына 25 мың тонна; Yildirim Holding инвестор Түркия құны 333 млрд. теңге, 600 жұмыс орны, жылына 40 мың тонна*);

- Металлургия саласында «AltynEx Company» **алтын өңдеу** фабрикасы (*отандық инвестор, құны 220 млрд. теңге, 700 жұмыс орны, жылына 5 млн. тонна алтын кендерін қайта өңдеу. Мұғалжар аудандағы «Юбилейное» кен орнындағы алтын кендерінің болжамды қоры 45 млн. тонна*).

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының Ақтөбе әуежайында **мультимодальды орталық** құру тапсырмасына сәйкес, Көлік министрлігімен бірге, шетелдік инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде.

Халықаралық тәжірибе

Инвестицияларды тарту елдердің экономикалық өсуі мен дамуы үшін негізгі фактор болып табылады. Әр түрлі мемлекеттер тартымды инвестициялық ортаны құру үшін әртүрлі стратегиялар мен тәсілдерді қолданады. Мұнда әртүрлі елдердің табысты тәжірибелерінің кейбір мысалдары берілген:

1. Сингапур мемлекетінің тәжірибесі

Сингапур-қарқынды дамып келе жатқан экономика. Экономикалық даму қарқыны сирек 2-3% - дан асатын Еуропа елдерінен айырмашылығы, мұнда бағаның өсуіне байланысты бірнеше есе көп ақша табуға болады. Сингапур Үкіметінің сыртқы қарызы жоқ.

Сингапур әлемдегі ең жоғары инвестициялық әлеуеті бар қалалар арасында Әлемде 1-ші орында (BERI Report 2014-I Сәуір 2014), бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша әлемде 1-ші орында. Сингапурдағы жылжымайтын мүлікке және бизнес-жобаларға инвестициялар қауіпсіздіктің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Сингапур заңнамасы басқа елдердің инвесторларының мүдделерін барынша ескереді.

Компанияның жергілікті немесе шетелдік екендігіне қарамастан, компаниялардың 17% кірісіне бірыңғай салық қолданылады. Бұл ретте жаңа және жұмыс істеп тұрған компаниялар үшін салықтан толық немесе ішінара босату схемалары қолданылады.

Инвестор ретінде, сіз өзіңізге және отбасы мүшелеріне тұрақты тұруға құқығыңыз бар. Сонымен, сіздің жинақтарыңызды қорғаумен қатар, сізде өмір сүру, медицина және қауіпсіздіктің жоғары деңгейімен өмір сүру мүмкіндігі бар.

2. Канада мемлекетінің тәжірибесі

Бүгінгі таңда Канада ең экономикалық дамыған елдердің бірі болып табылады. Канаданың жергілікті тұрғындарының өмір сүру деңгейі өте жоғары және даму қарқыны бойынша Америка Құрама Штаттарынан төмен болуы мүмкін. Айта кету керек, мұндай жоғары экономикалық даму көптеген факторлармен, ең алдымен, елдің орналасуымен байланысты.

Оның аумағында ел сауатты пайдаланатын көптеген табиғи ресурстар бар.

Дүниежүзілік Банктің "Doing Business 2018" рейтингінде әртүрлі елдерде бизнес жүргізу шарттарына арналған Канада 18-орынға ие болды. Бұл ретте ел "бизнесті ашу" бағыты бойынша жоғары екінші, "миноритарлық акционерлерді қорғау" бойынша сегізінші, "төлем қабілетсіздігін шешу" бойынша он бірінші, "кредиттердің қолжетімділігі" бойынша он екінші орынға ие болды.

3. Италия мемлекетінің тәжірибесі

2016 жылдың желтоқсан айының ортасында Италия Парламенті қаржылық тұрақтылық туралы жаңа заң қабылдады (бюджет туралы Заң). Ол 2017 жылдың басынан бастап күшіне енді. Заңда инвесторларды, дәлірек айтсақ, табысы жоғары жеке тұлғаларды тартуға арналған арнайы ережелер бар.

Жаңа заң, ең алдымен, Италия экономикасына ақша салып қана қоймай, осында тұруға көшуді жоспарлап отырған адамдар үшін қызықты. Олар үшін ережелер Заңның 1-бабында, 148-159-тармақта көрсетілген. Бұл адамдар үшін жеңілдіктердің 2 түрі енгізіледі:

1. Иммиграция. Инвесторлық визаны тек білікті инвесторлар ала алады. Бірақ сіз кіру визасын және тұруға рұқсатты жеңілдетілген тәртіппен ала аласыз.

2. Салық салу. Табыс салығы туралы заңға "аккорд салығы" ұғымы енгізіледі. Бұл салық режимі жеке тұлғалардың шетелде алған түсімдерінен төлеуге тура келетін табысқа балама болады.

Қорытынды

Ақтөбе облысына инвестиция тарту өңірдің экономикалық дамуына және оның халқының өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Аймақ айтарлықтай табиғи ресурстарға, стратегиялық географиялық жағдайға және дамып келе жатқан инфрақұрылымға ие, бұл инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасайды.

Алайда, инвестицияларды сәтті тарту үшін қолайлы бизнес-климат құру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бұған әкімшілік рәсімдерді жеңілдету, инвесторларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету және инфрақұрылымды дамыту кіреді. Жергілікті және Халықаралық бизнес-

құрылымдармен белсенді ынтымақтастық, сондай-ақ шағын және орта кәсіпорындарды қолдау бағдарламаларын іске асыру маңызды.

Ақтөбе облысы өзінің бәсекелестік артықшылықтарын дамытуды жалғастырып, бар кедергілерді жою бойынша белсенді жұмыс істейтін болса, тартымды инвестициялық орталыққа айналу мүмкіндігіне ие. Нәтижесінде, бұл жаңа жұмыс орындарын құруға, өндірістің өсуіне және халықтың өмір сүру сапасының артуына әкеледі.

Ұсыныстар

1. Инвестициялық климатты жақсарту.

- Әкімшілік рәсімдерді жеңілдету: Бизнесті жүргізу үшін қажетті рұқсаттарды алу мерзімдерін қысқарту және оларды жеңілдету.

- Ашықтық және болжамдылық: Салық саясаты мен заңнаманың ашықтығын қамтамасыз ету, инвесторларға шығындары мен тәуекелдерін болжауға мүмкіндік беру.

2. Көлік-логистикалық инфрақұрылымға инвестициялар тарту қажет. Ақтөбе Қазақстанның алты облысымен шектеседі. Бұл Қазақстанның ТМД елдерімен тікелей шектесетін жалғыз өңірі. Солтүстікте – Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, оңтүстікте – Өзбекістанның Қарақалпақ автономдық облысымен. Оның үстіне, облыс, республиканың шығыстан басқа барлық өңірлерімен аумақтық байланысты.

Көліктік-географиялық жағдайы – көлік айырымдарының дамуы мен транзиттік жолдардың арқасында маңызды стратегиялық торап болып табылады. Бұл жерде Орта Азияны Ресейдің Еуропалық бөлігімен және Өзбекістанмен байланыстыратын транзиттік авиа және автомобиль магистральдарының бірнеше бағыты қиылысады.

3. Инновациялар мен технологияларды қолдау.

- ҒЗТҚЖ-ға инвестициялар: Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді қолдау, университеттер мен бизнес арасындағы ынтымақтастықты дамыту.

- Технопарктер мен инкубаторларды құру: Стартаптар мен инновациялық компанияларға қолдау көрсету үшін технопарктер мен бизнес-инкубаторларды дамыту.

4. Мемлекеттік жеке серіктестікті дамыту: Инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін жеке инвестицияларды тарту.

5. Маркетинг және өңірді жылжыту

- Инвестициялық көрмелер мен форумдарға қатысу: Халықаралық көрмелер мен форумдарға қатысып, өңірдің әлеуетін көрсету.

- Ақпараттық ресурстарды құру: Инвесторларға қажетті барлық ақпаратты (статистика, табысты жобалар) жинақтайтын веб-сайт немесе платформа әзірлеу

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. <https://spk-aktobe.kz/kk/ru-proekty/proekty-trebujushhie-investicij/>
2. <https://www.rsbu.org/investcii-v-singapore/75-7-prichin-dlya-investiciy-v-singapur.html>
3. <https://is-services.ru/investicionnaja-programma-italii>